

«Ақмола облысы білім басқармасының  
Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі  
Атбасар қаласының  
№8 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Жаратылыстану ассоциацияның  
2022-2023 оқу жылы бойынша есеп.  
(тарих, құқық, география, химия, биология)

ӘБ жетекшісі: Немеренко З.Б.

Атбасар қаласы  
2022 жылы

**«Ақмола облысы білім басқармасының  
Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі  
Атбасар қаласының  
№8 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
2022-2023 оқу жылы бойынша  
жаратылыстану ассоциацияның жылдық есебі**

**Мақсаты:**

Мектептің әдістемелік бағыттағы жұмысын модернизациялау, оқу процессіне басшылық жасау арқылы оқу-тәрбие үдерісінде оқытудың жаңа үлгілерін жетілдіре отырып, жаңа форматтағы мұғалім қалыптастырудың тиімді жолдарын айқындау.

**Міндеттері:**

1. Мектептегі білім беру үдерісінің заманауи теориялық-әдістемелік, тәжірибелік сипаттамаларымен танысу;
2. Оқушылардың танымдық құзіреттілігін арттырудағы динамикалық үрдістерді қамтамасыз ету
3. Дарынды оқушылардың пәндік, академиялық, интеллектуалдық, шығармашылық, зерттеушілік әлеуетін көтеру бағытындағы жұмыстарды жаңа әдіс-тәсілдермен байланыстыра жүргізу;
4. Қоғамдастық аясын кеңейтіп, серіктес мектептермен кәсіби-әріптестік қарым-қатынас орнату, нәтижесінде озық тәжірибелермен алмасу, ортақ ресурстарға қол жеткізу;
5. Мұғалімдердің әлемдік білім кеңістігі жүйелеріне сәйкес педагогикалық-психологиялық мәселелерді шешуге құзіретті, өз ісінің машықталған маманы болуына жағдай жасай отырып, осылайша педагогикалық ұжымда іскер, кәсіби орта қалыптастыру.

Жаратылыстану пәндер ӘБ химия, тарих, география, биология пәндерінің 4 мұғалімнен құралады.

Санаты жоқ- 2 мұғалім, сарапшы-2, жоғары білімді-4 мұғалім.

**Тарих пәнінің мұғалімі Немеренко З.Б.**

**Шығармашылық тақырыбы:** Сыни тұрғыда ойлау технологиясын тарих сабағында қолданудың тиімділігі

- **Оқу жылына қойылған мақсаты:** Сапалы білім беруде СТО технологияның әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалана отырып, оқушылардың ізденімпаздық, зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерін дамыта алады.
- **Оқу жылына қойылған міндеттері:**
  - Оқушыны белсенді субъектіге айналдыруға қажетті жалпы білім, білік дағдыларының деңгейін қарастыру;
  - Дарынды тұлға ретінде «мен» деген пікірін қалыптастыру;

- Тұлға дүниетанымын кеңейтіп, рухани дамуына бағыт-бағдар беру;
- Оқушыны түрлі шығармашылық байқауларға қатыстыру нәтижесінде субъектілік белсенділігін арттыру.

➤ **Күтілетін нәтижесі:**

- Өз бетінше ойлау біліктері мен ізденімпаздығы қалыптасады.
- Басқа оқушылардың түсіндірмелеріне сын көзбен қарайды
- Танымы жоғары, интеллектісі дамыған, өз тұжырымын дәлелдей алатын тұлға қалыптасады,
- Оқушы сараптау, өз ойын жазу, өзінің ізденуі арқылы зерттелетін тақырыптың жаңалығын ашуға көмектеседі және өз тәжірибесін толықтыра алады.

➤ **Білім жетілдіру курстары туралы мәлімет :**

**Деңгейлік курстан өту мәліметі :**

1	Үшінші (базалық) деңгей курсы	2013	Сертификат	Көкшетау қ. Назарбаев интеллектуал мектеп
---	-------------------------------	------	------------	---

2016-2017 оқу жылының басынан бастап аталған деңгей бойынша жұмыс жасап келемін. Үшінші деңгейдің негізгі бағыты оқушыларға бағытталған, олардың жан-жақты білім алып, сыни көзқарастарын дамытып, дарынды талантты балаларды анықтай алуына аса мән берілген. Осы курс негізінде алған білімді практикалық тұрғыда пайдаланып, жеті модульді сабақтарымда кіріктіріп, оқушылардың сапалы білім алуына жағдай жасай алдым деп айта аламын. Мен өзімнің сыныбымда сабақ беру барысында осы жеті модульді кіріктіріп сабақтарымды оқушылардың білімін көрсете алатындай тұрғыда өткізе алдым. Олар әр сабақта өздерінің ойларын еркін жеткізіп, берілген тақырып бойынша мәліметтер жинақтап, сол бойынша өздерінің пікірлерін білдіруге дағдыланып қалды. Дәстүрлі сабақтардан ерекшелігі оқушылар сабақта өздерін еркін сезініп, айтайын деген ойларын нақты болмаса да айтып, өз пікірлерін білдіруге асығып отыратындықтары байқалды. Сонымен қатар сабақтарымда оқушылардың өз беттерінше жұмыс жасауына, сол жұмысты дәлелдеп шығуларына көп мән бердім. Топта жұмыс жасау арқылы әр оқушы өзінің ойын дәлелдеп сол арқылы өздерінің көшбасшылығын көрсете білді.

Осы деңгейлік бағдарлама негізінде алған білімді түрлі іс-шараларға қатысу арқылы да көрсетіп жүрмін.

- **Мұғалімнің оқыту әдістемесіндегі қолданылатын технологиясы,оны пайдалануы, соған қарай жұмысына талдау**
- 3.Б. Немеренко аталған мекемеде 2010 жылдан бастап тарих пәнінің мұғалімі ретінде қызмет істейді. Кәсіби жоғары білікті маман, педагог-сарапшы (эксперт) оқытуда инновациялық технологияларды қолданады.

- ➤ Педагогтің қол жеткізген жетістіктері: Республикалық «Нұрсұлтан» әдістемелік кеңес беру білім орталығы «Оқушыларды ҰБТ-ға дайындауда инновациялық әдіс-тәсілдерді қолданудың тиімділігі» тақырыбындағы біліктілікті арттыру тренинг-семинары» (Астана қаласы, 2017ж), Алаш партиясы және Алашорда үкіметінің құрылуының 100 жылдығына орай «Алаш қозғалысының тарихи тәжірибесі және ХХІ ғасырдағы Қазақстан қоғамын жаңғыртудың өзекті мәселелері» ғылыми-тәжірибелік конференция (Астана қаласы, 2017ж), «Жаңғырту 3.0: тарихи сананы қалыптастыру негізі» тарих пәні мұғалімдерінің облыстық форумы (Көкшетау қаласы, 2017 ж), «Туған жер – тұнған тарих» тақырыбындағы облыстық ғылыми–практикалық конференция (Көкшетау қаласы, 2018 ж), Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі, өлкетану және экология орталығының «Уақыт – байланыстырушы желі» тақырыбындағы облыстық ғылыми–практикалық конференция (Көкшетау қаласы, 2019 ж). «Тарих сабағында тоқсандық жиынтық бағалаудың ауызша түрлері мен әдістері» шебер-сынып Кокшетау 2022ж, «Мектептегі тарихи білім: жаңа тұжырымдама, ашық сана, заманауи көзқарас» тақырыбындағы республикалық съезінде Петропавл қаласында қатысушы болдым.
- Мұғалім кез келген іске шығармылышықпен қарайды. Өлкетану құзыреттілікті дамытуға және жобалар мен стратаптарды әзірлеуге ерекше көңіл бөледі.
- 2021 ж.- «Менің кіші Отаным» жас тарихшылар республикалық интеллектуалдық ғылыми жоба «Атбасар тарих бесігі», Каримов Алишер 10 «А» сынып 3 орын (Республикалық деңгейі)
- 2021 ж. - Облыстық пәндік олимпиада 10«А» сынып оқушысы Каримов Алишер (Қазақстан тарихынан) III орын
- 2021 ж. - «Тарих ата» Республикалық олимпиада 5 «А» сынып оқушылары
- Азаматқызы Мадина, Шаяхметов Мақсат (3 орындары)
- 2021 ж. – 10 «А» сынып оқушысы Каримов Алишер
- Облыстық ғылыми жобалардың байқауы
- «Менің кіші Отаным» III орын
- 2022 ж. – Р.Есенберлиннің 105-жылдығына арналған «Уақыт – байланыстырушы желі» білім беру ұйымдары музейлерінің облыстық байқауының «Музей тарихы» номинациясында 2 орын – Каримов Алишер
- 2022ж - Облыстық ғылыми жобалардың байқауында «Менің Отаным деген бастамам» Амангельді Амина «Қазақстанның жеті кереметі» шығармашылық жоба III орын
- 2022ж - «Тарих АТА» республикалық олимпиадада: Шайжанов Алмаз 5 А сынып – III орын, Альжанов Ернат 5 А сынып – III орын, Азаматқызы Мадина 6 А сынып – II орын, Кауенов Диар 6 А сынып – III орын, Аскарова Сабина 9 А сынып– III орын
- 
- 
- Өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын:

- 2020 ж - сертификат «Ұлы даланың Ұлы есімдері» облыстық конкурсына қатысқаны үшін.
- 2021 ж –сертификат «Туған жер – тұнған тарих» облыстық сырттай конкурсы
- 2022 ж – Петропавл қаласында «Мектептегі тарих пәні: тың тұжырымдама, ашық сана, замануи көзқарас» тарих пәні мұғалімдерінің республикалық съезі
- 2022 ж – тарих мұғалімдерінің форумы Көкшетау қаласында, мастер-класс «Устные формы и методы суммативного оценивания за четверть на уроках истории»
- 2022 ж - сертификат «Туған жер – тұнған тарих» облыстық сырттай конкурсы
- 2023 ж – Lesson study диплом за участие в олимпиаде по технологии «Исследование урока в действии».

➤ Білімі:

Оқу орнының атауы      Оқу кезеңі

Білімі туралы дипломда немесе атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік бере отырып, қайта даярлау туралы құжатта көрсетілген мамандық (біліктілік)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ      2002-2006 жж.      Тарих бакалаврі

➤ Жұмыс өтілі:

Жалпы      Білімі туралы дипломда немесе атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік бере отырып, қайта даярлау туралы құжатта көрсетілген мамандық (біліктілік) бойынша      Педагогикалық      Осы білім беру ұйымында

15 жыл      15 жыл      15 жыл      13 жыл

- Марапаттары, атағы, ғылыми (академиялық) дәрежесі, ғылыми атағы алған (берілген) жылын көрсете отырып :
- 2020 ж. – мадақтама «Ең үздік бейнеролик» аудандық деңгейде «Үздік мұғалім» байқауы
- 2020 ж – алғыс хат «Отаныма деген бастамам» облыстық сырттай шығармашылық жобалар байқауы (Б. Жүсіпов)
- 2020 г – Почетная грамота- Б.Абдрахманов, г.Кокшетау
- 2021 ж –алғыс хат «Менің Отаныма – менің бастамам»облыстық сырттай шығармашылық жобалар байқауы
- 2021 ж – алғыс хат Білім және ғылым министрінің А.Аймағамбетов
- 2012 жылдан бастап 2022 жылға дейінгі «Атбасар», «Простор» газеттерінде, сондай-ақ әлеуметтік желілерде және интернет-сайттарда өлкетану, тарих оқиғалары туралы 10-дан астам мақалалар жарияланды.

Қазақстан тарихы пәнінен ІІ «а,ә» сынып оқушыларының жылдыққа білім сапасы - 92% көрсетті. Оқушылармен тест тапсырмалары орындалып, кателермен жұмыс жасалды. Тесттік тапсырмаларда жіберілген кателерді барлық оқушылар дәптерлеріне жазып, талдады. Жалпы қорытындылағанда оқушылардың берілген сұрақтың мәтініне нақты назар аудармуларынан көп қателіктер жіберіп отырды. Сонымен бірге тарихи кезеңдерді шатастырып алушылық көп кездесті. ҰБТсынағында кездескен қиындықтарды шешу жолдары:

- ❖ Тесттік тапсырмаларда жіберілген кателерді барлық оқушылар дәптерлеріне жазып, талдап, дұрыс жауаптарын анықтап белгілеп шықты. Тест жұмыстарымен жеке тапсырмалар орындап, талдап жаттады.
- ❖ Хронологиялық кезеңдерді жаттау;
- ❖ Тақырыптық тест тапсырмаларын қайталап отыру;
- ❖ Топтық және деңгейлік тапсырмалар берілді.

Оқулықтармен жұмыс жасап, әр тақырыпты жекелей талдадық

### *Химия-биология пән бойынша есеп*

**Аты-жөні, тегі:** Алкенова Нурсулу Амандықовна

**Туған жылы:** 02 қараша 2021 жыл

**Білімім:** жоғары

**Диплом бойыншы мамандығы:** Биология-Химия пәні мұғалімі

**Бітірген оқу орным:** Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық Мемлекеттік Педагогикалық Институты 2004ж

**Еңбек өтілім:** 17

**Біліктілік санатым:** педагог-сарапшы

**Оқушыларды оқытудағы мақсатым-** балаларды берілген білімдермен сусындырып, қазіргі жаңа технологиялармен оқушының жас ерекшеліктеріне сай тандап алып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру.

**Алдыма қойған міндеттерім:**

- ✓ Мұғалім мен оқушының ынтымақтастығы;
- ✓ Танымдық, шығармашылық қабілетті дамытуда әр түрлі әдіс-тәсілді тиімді пайдаланып, қызығушылығын арттыру;

**Мақсат пен міндеттерді орындаудағы құралдарым:**

1. Әдістемелік құралдар:

- ✓ Биология-Химия пәні бойынша оқыту әдістемелері;
- ✓ Оқу жоспарлары;
- ✓ Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар;
- ✓ Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы;
- ✓ Мұғалімге арналған нұсқаулықтар
- ✓ SMK.edu.kz сайты;
- ✓ Bilimland.kz сайты.

2. *Технология:*

«Адам байлығының ең тамашасы- білім. Барлығы соған ұмтылады, бірақ ол өзі келмейді» деген Әл-Бирунидің жақсы бір ойы бар. ХХІ ғасыр – білімділер ғасыры болмақ. Ол үшін жаңа бетбұрыс керек. Қазір ұстаз мойнына көп жүк артылып отыр. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның болашағы- бүгінгі жастар. Сіздер

оларға қандай білім берсеңіздер, Қазақстан сол деңгейде болады»- деген ұран тастап отыр. Сондықтан егеменді елдің ертені оқу- білімнің тереңдігімен өлшенеді.

Қазіргі педагогика теориясына елеулі өзгерістер еніп, білім беру жүйесінде жаңа технологиялар өмірге келуде. Осы педагогикалық технологияларды жете түсініп, оны меңгеру мұғалімнің өзі- өзі дамытып, оқу- тәрбие үрдісін ұйымдастыруға көмектеседі.

Алға қойған мақсатым:

1. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер.
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану.

5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.

6. Оқытудағы басқару және көшбасшылық.

3. Жұмыс түрлері:

✓ топтық;

✓ жекелей;

✓ жұптық;

4. *Дидактикалық материалдар:* қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар, аудио, видео материалдар, слайдтар, суреттер және т.б.

«Мұғалім қандай болса, мектеп те сондай болмақшы», яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептің оқушылары да білімді болмақ. Сондықтан өз білімімді ылғи да көтеріп отыруға тырысамын.

**2022-2023 жылындағы өзімнің нәтижелерім төмендегідей:**

1. Атбасар ауданы білім бөлімі «Тамыз кеңесі-2022ж» «биология-химия ӘБ отырысында өз іс – тәжірибесімен бөліскені үшін»-2022ж №0235 Сертификат .
2. Халықаралық «Өрлеу – өркендеу» ғылыми-ақпараттық, танымдық- тәрбиелік журналының ұйымдастыруымен өткен «Жаңашыл ұстаз» атты білім саласы қызметкерлеріне арналған байқауда өзінің үздік жұмысымен, шығармашылық қабілетімен көзге түскен үшін»-2022 ж № 4564. I орын. Диплом .
3. «Жарқын» республикалық ғылыми- ақпараттық, танымдық-тәрбиелік журналының ұйымдастыруымен өткен «Мәңгілік ел ұстаздары» атты білім саласы қызметкерлеріне арналған байқауда өзінің үздік жұмысымен, шығармашылық қабілетімен көзге түскен үшін»-2022 ж. № 39231 орын. Диплом.
4. Халықаралық «Өрлеу – өркендеу» ғылыми-ақпараттық, танымдық- тәрбиелік журналының ұйымдастыруымен өткен «Педагогика менің таңдауым» атты білім саласы қызметкерлеріне арналған байқауда өзінің үздік жұмысымен, шығармашылық қабілетімен көзге түскен үшін»-2022 ж № 4552. I орын. Диплом
5. Халықаралық «Өрлеу – өркендеу» ғылыми-ақпараттық, танымдық- тәрбиелік журналының ұйымдастыруымен өткен «Үздік педагог » атты білім саласы қызметкерлеріне арналған байқауда өзінің үздік жұмысымен, шығармашылық қабілетімен көзге түскен үшін»-2022 ж № 3772. I дәрежелі. Диплом .
6. «Жарқын» республикалық ғылыми- ақпараттық, танымдық-тәрбиелік журналының ұйымдастыруымен өткен «Парасатты педагог» атты байқауында белсенділік танытып, сапалы білім беруде атқарып жүрген еңбегіңіз бен жұмыстарыңыз үздік деп танылғаны үшін»-2022 ж. № 4382 I дәрежелі Диплом .

7. FIRST LEGO League Challenge «Social Media Challenge Award Finalist» FOR SUCCESSFUL PARTICIPATION IN THE FIRST Kazakhstan-2022 Сертификат .

8. Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі KZ87VPY00045023 куәлігі Республикалық білім беретін ғылыми –әдістемелік, шығармашылық бағыттағы “ONEGELI URPAQ” журналына өз тәжірибесімен бөлісіп әдістемелік материалын ұсынғаны үшін.-2022ж №02041 Сертификат.

9. Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі KZ78VPY00046155 куәлігі Республикалық білім беретін ғылыми –әдістемелік, шығармашылық бағыттағы “TOP TEACHERS ” журналына өз тәжірибесімен бөлісіп әдістемелік материалын ұсынғаны үшін.-2022ж №001032 Сертификат

10. Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі, Республикалық «Samgau.KZ» Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен ұстаздар арасындағы «Үздік Педагог-2022» атты байқауына ұсынған жұмысы үшін.-2022ж № 0000666 I дәрежелі диплом .

**2020-2021 оқу жылындағы оқушылардың нәтижелері төмендегідей:**

1. Аудандық химия-биологиялық викторинаға қатысқаны үшін -2022ж № Сертификат .
2. Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сынып оқушылары Республикалық олимпиадасының 64-ші аудандық кезеңінде «Биология» пәні бойынша III орын Дюсембаева Нияра -2022ж №2920 Мадақтама .
3. Ақмола облысы білім басқармасы «Облыстық вайн-бейнероликтер байқауының жеңімпазы» Қайыржан Айгуль -2022ж №1924
4. I аудандық медициналық олимпиада Мухтарова Асылжан қатысқаны үшін диплом
5. I аудандық медициналық олимпиада Дюсембаева Нияра III орын және 5000 теңгелік сертификат

#### **МАРАПАТТАР**

1. Ақмола облысы білім басқармасы «Ұлыма берген жақсы тәрбием үшін» -2022ж № 722 Алғыс хаты .
2. Ақмола облысы білім басқармасы «Дарынды оқушыларды дайындағаным үшін » -2022ж № 581 Алғыс хаты .
3. «№8 ЖББОМ» КММ «Білім беру саласын дамытуға қосқан үлесім үшін»-2022ж Алғыс хаты.
4. Ақмола облысы білім басқармасы «Білім беру саласын дамытуға қосқан зор үлесі, жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі табыстары, кәсіби шеберліктері, педагогикалық үрдістегі жетістіктері үшін» -2022ж № 423 Құрмет грамотасы .
5. Ақмола облысы білім басқармасы «Облыстық вайн-бейнероликтер байқауының жеңімпазын дайындағаны үшін» -2022ж №1924 Алғыс хат.
6. «Samgau.KZ» Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы .Қоғам мен ұрпақ алдындағы парасатты еңбегі мен білім беру саласындағы мүлтіксіз атқарған қызметі үшін -2022ж №0000251 Құрмет грамотасы .
7. Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі KZ87VPY00045023 куәлігі. Адал еңбегіңіз, жоғары кәсіби шығармашылық көзқарас үшін -2022ж Алғыс хат.

**2022-2023 оқу жылындағы оқушылардың білім сапасы төмендегідей:**

#### **БИОЛОГИЯ пәні бойынша**

- |                |                |                    |
|----------------|----------------|--------------------|
| 1. 7 «А» сынып | Үлгерімі: 100% | Білім сапасы: 50 % |
| 2. 8 «А» сынып | Үлгерімі: 100% | Білім сапасы: 58 % |
| 3. 9 «А» сынып | Үлгерімі: 100% | Білім сапасы: 60 % |
| 4. 9 «Ә» сынып | Үлгерімі: 100% | Білім сапасы: 82 % |

Ұрпақ тәрбиесі ұлттың болашағы. Ендеше, сол ұрпақ үшін ұстаз қауымына артылатын жүк оңай емес, сондай қиын істі атқарып жүрген әріптестерім алдағы күнде де құрметке бөлене берсін. Жақсы оқушы, жақсы азамат тәрбиелеу - заман талабы. Бұл міндетті орындауда өз басым бар күш жігерімді аямай еңбек етемін, өзімнің сөзімді мына жыр жолдарымен аяқтағым келеді:

Ұстазға керек үлкен жүректілік,  
Ала алмас беделді ешкім тілеп тұрып.  
Шын беделі – ел тандауы, халық сыйы.  
Оны ешкім бере алмайды үлестіріп.

**Атбасар қаласы №8 жалпы орта білім беретін мектебінің тарих және география пәнінің мұғалімі Бағдат Мырзабектің 2022-2023 оқу жылындағы география пәні бойынша жылдық есебі.**

2022-2023 оқу жылында география пәнінен 5-11 сыныптарға сабақ бердім..Бүгінгі ғылым мен техниканың қарқынды дамып еліміздің экономикасы өсіп,үкімет үдемелі индустриаландырудың керемет жобаларын жүзеге асырып отырған ,кезенде оқушылардың география пәнінің біліміне сауаттылық деңгейіне қойылатын талаптарда жоғары.Оқушылардың бойында білімге деген қажеттілікті сезіну ,жаңашылдыққа ұмтылу қасиеттерін тәрбиелеу –сабақта ғана емес, сыныптан тыс жұмыстарда жүзеге асырылуы керек.Осындай жұмыстарды биылғы оқу жылында география апталықтарында өткіздім. Қантар айының 30.01-03.02 күндері аралығында мектепте география пәнінің География әлеміне саяхат атты апталығы өткізілді.. Апталықтың жоспары әдістемелік бірлестігінің отырысында қаралып талданды және бекітілді..

**Апталықтың мақсаты :** география,, сабақтарында және сабақтан тыс іс-шараларда оқытудың заманауи тәсілдерін қолдана отырып, оқушылардың білім алуға қызығушылығын арттыру, ой-өрісі мен таным белсенділіктерін жан-жақты жетілдіру..


Апталық барысында ұйымдастырған іс-шаралар оқу бағдарламасына сай дайындалды, соның ішінде ашық сабақтар,сыныптан тыс іс-шаралар, фотоколлаж,, викториналар,қабырға газеттері .

Апталық жоспарымен таныстыру мақсатында алғашқы күні оқушылар апталықтың ашылуына қатысты.

Апта ағымында 5-11 сыныптар арасында Туған жерлердің көрінісі атты фотоколлаж суреттер сайыс өтті. Сонымен қатар ақпан айының 01 күні Ұдайы осудің түрлері тақырыбында 8а сыныбына ашық сабақ өткіздім..«Қызықты

география интеллектуалды сайыс сабағы 7а,8а сыныптарына өткізілді. Оқушылар апталықта өткен ашық сабақтармен сыныптан тыс іс-шараларға белсенді қатысты.

Сәуір айында мектеп ішілік экологиялық апталығы өтті. Апталықта 5-7 сыныптар оқушылары қатысты. Оқушылар табиғат аясында суреттер мен фотоколлаждар жасады. 7а сынып оқушылары мектеп алаңқайына ағаш көшеттерін отырғызды. Оқушылар табиғаты қорғауға, аялауға белсене қатысты.



*2022-2023 оқу жылы бойынша дүние жүзі тарих пәні мұғалімі  
Тұрлыбекова Жұлдыз Құдыретуллақызының  
шығармашылық есебі.*

**Педагогикалық мақсатым:** - Оқушының ізденушілік, зерттеушілік қабілетін дамыту.

Оқушылармен ынтымақтаса жұмыс жүргізу. Оқушыларды саналы тәртіп пен сапалы білім алуға тәрбиелеу, бағыттау.

- Шығармашылықпен жұмыс істей отырып, заман талабына сай іскер, жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары дамыған шәкірт тәрбиелеу.

**Педагогикалық тұжырымдамам:** үнемі жаңалыққа ұмтылып, өз әдістемелік шеберлігімді, тәжірибемді жетілдіру.

**Әдістемелік тақырыбым:** « Жаңа білімдік педагогикалық технологиялардың элементтері арқылы оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыру ». Осы тақырып бойынша оқушылардың білім сапасын көтеру міндетін алдыма қойдым. Бүгінде дүние жүзі пәнін оқытуда жиі қолданылып жүрген технологиялардың бірі "Сын тұрғысынан оқу" технологиясы. Сонымен қатар "Ойын арқылы оқыту" технологиясын жиі пайдаланамын, себебі жалпы оқушыларды оқуға тек ойынмен ғана қызықтыруға болады. Ойын ойды қозғайды. Ойын – баланың интеллектуалдық ой-өрісін тереңдей түсуіне, шығармашылықпен ойлауына алып келеді, білім сапасын

арттырады. Мысалы сабақ барысында оқушылардың білімін шыңдау үшін "Адаққан әріптер", "Қызық сөздер", "Сөзден сөз тер", "Ғажайып шаршы" т.б. ойын элементтерін жиі қолданып отырамын.

Өз тәжірибемде әр түрлі жаңа технологиялардың элементтерін қолдану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыруға болатынына көзім жетті.

Сабақты әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, түрлендіріп өткізу оқушыларымыздың білімге, оқып-үйренуге құштарлығын арттыратыны анық.

«Қызығушылықты ояту» кезеңінде сөзжұмбақ шешу, «Мен бастайын, сен қоста», «Кім жылдам» ойынын, ал үй тапсырмасын тексеруде немесе өткенді пысықтауда "Ыстық орындық" әдісін қолдану арқылы оқушылардың білімін тексеріп отырамын.

Сабақтың қорытынды бөлімі "Ой толғаныс" кезеңінде эссе жазу, "Синквейн" стратегиясы "бес жолды өлең" құрастыру, "Артық затты тап" әдіс-тәсілдерін пайдаланамын.

Сабақ барысында оқушылар "сәйкестендіру," әдісі арқылы салыстыру, топтастыру, теріп жазу. Логикалық ойлауын дамытатын ойындар мен берілген тапсырмаларды шешу.

Дүние жүзі тарихы пәні бойынша жоспар негізінде барлық сыныптарды тақырыптар толық қамтылды. Терминдермен мүмкіндігінше көп жұмыс жасауға тырыстық. Тарих пәнінде саяси тарихты салыстыра отырып, даталарды жаттатыруға тырыстым. Сонымен қатар АТҚ жиі қолдана білдік. Атап айтсақ сабақта білім ленд, онлайн мектеп, кохот, ютуб платформаларында жұмыс жасадық.


Осы жылы 10 -Ә сыныбымен Этносаралық қатынастар. Әлеуметтік және саяси процестер атты ашық сабақ өтті. Оқушыларым өте белсенді, сабақ өз мақсатына жеткен сабақ болды. 5 сынып оқушыларымен lesson stady сабағына англиз жасау мақсатында ашық сабақ өткізілді. Тақырып: Ежелгі қытайдың қандай жетістіктері бүгінгі күнге жетті.

Жеке өзім 9 жылдық санатпен, ешқандай санатсыз жұмыс істеп келемін. Болашақта түрлі курстарға барып өз білімімді жетілдіруді мақсат етіп қойдым.

Жалпы білім сапасы дүние тарихынан пәнінен - 80%

Оқу үлгерімі - 100%

Қоғамдық пәндер бірлестігінің мұғалімдері пән бойынша уақытылы өз есептерін тапсырады, білім сапасының көрсеткіштері мынадай:



2022-2023

оқу жылындағы жаратылыстану ассоциацияның жұмысын «қанағанаттанарлық» деп бағалауға болады және келешекте мынадай ұсыныстар қоямыз.

Ұсыныстар:

1. Қашықтан оқыған сыныптарда сабақта және сабақтан тыс уақытта көп назар бөлу.
2. Дарынды оқушылармен жүйелі түрде жұмыс жасай отырып, ғылыми жұмыстарға дайындау.
3. Өзара сабаққа қатысу жұмысына талдау жасап отыру.
4. Оқыту мен тәрбиелеуде жаңа технологияны тиімді қолдану. Жаңашыл мұғалімдердің тәжірибесімен бөлісу.

**2023-2024 жаңа оқу жылына қойылған міндеттер:**

- Биология, география, химия, тарих пәндері бойынша оқушылардың білім сапасын арттыруда жұмыстарды жалғатыру.
- Әр пән бойынша әдістемелік деңгейлерін жоғарлату.
- Қоғамдық пәндер бойынша ынтасы жоғары және дарынды оқушылармен шығармашылық жұмыстар жүргізу.
- ӘБ мұғалімдерінің кәсіби біліктіліктерін жоғарлату.
- Шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалімдер өзара тәжірибе алмасу.